Әділет

# 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 12/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 сәуірде № 3120 болып тіркелді. Қабылданған мерзімінің өтуіне байланысты өзінің қолданылуын тоқтатты (Қарағанды қаласының білім бөлімінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 5-1 /1040 хаты)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қарағанды қаласы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары И.Ю. Любарскаяға жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Қаулы 3-тармақпен толықтырылды - Қарағанды қаласы әкімдігінің 30.09.2015 № 46/10 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| | |
|---|---|
| Қала әкімі | Н. Әубәкіров |

| | |
|---|---|
| | Қарағанды қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 12/03 қаулысымен бекітілген |

# 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мектепке дейінгі | Бір тәрбиеленушіге |

| № | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны | | Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге) | | білім беру ұйымдардағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге) | | бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) кем емес | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік | жеке меншік | мемлекеттік | жеке меншік | мемлекеттік | жеке меншік | мемлекеттік | жеке меншік |
| 1 | балабақша | 2640 | 815 | 43717,42 | 13133,75 | 7500 | - | 15028 | 16115 |
| 2 | мектепке дейінгі шағын орталық | 980 | - | 13284 | - | 7000 | - | 10663 | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК